



**AUEZOV**  
UNIVERSITY  
1943

## **М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

Университеттің негізгі стратегиялық мақсаты - "М. Әуезов атындағы ОҚУ" КЕАҚ-ды ғылым, білім және бизнестің тығыз интеграциясына негізделген зерттеу және кәсіпкерлік жоғары оқу орны етіп қалыптастыру

### **М. Әуезов атындағы ОҚУ бағытталған:**

- ХС ИСО 9001:2015, МЕМСТ ИСО/МЭК 17025-2019 талаптарының негізінде және ашықтық, объективтілік, академиялық адалдық, қоғамдық-кәсіби қатысу және өңір қажеттіліктеріне бағдарлану қағидаттары негізінде сапа менеджменті жүйесін жетілдіру;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің (ESG) жұмыс істеуі;
- халықаралық ғылыми-зерттеу ұжымдары мен консорциумдарын құру, іргелі және қолданбалы ғылымдар саласында бірлескен зерттеулерді жүзеге асыру үшін шетелдік ұйымдармен әріптестік байланыстарды кеңейту;
- өнім шығаруды жүзеге асыра алатын, дамыған инновациялық инфрақұрылымы мен өз өндірістері бар зерттеу және кәсіпкерлік университетті қалыптастыру;
- түлектердің жұмысқа орналасуына кепілдік беретін кәсіби стандарттар негізінде бәсекеге қабілетті, практикаға бағдарланған білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- халықаралық нарықта көптілді білім беру бағдарламаларын, мультимәдени ортада озық зерттеулерді және білім беру қызметтерін экспорттауды жүзеге асыратын әлемдік білім беру қауымдастығы таныған интернационалдық университет құру;
- бірегей заманауи ғылыми-техникалық және оқу жабдықтарын сатып алу және онымен байланысты инфрақұрылымды дамыту арқылы университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- ғылыми-педагогикалық кадрларды тарту және даярлауды жетілдіру, персоналдың жұмыс жағдайын үздіксіз жақсарту, еңбекті ынталандыру жүйесін жетілдіру және жоғары оқу орны қызметкері кәсібінің беделін арттыру арқылы ОҚУ-дің кадрлық әлеуетін күшейту;
- білім алушылардың дербестігін, креативтілігін және көшбасшылық қасиеттерін дамыту, жоғары мәдениетті, әлеуметтік белсенді және дамыған тұлғаны қалыптастыру.

ОҚУ басшылығы осы "Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты" жүзеге асыру және оны университеттің ұжымының түсінуі мен қолдауын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мәжілісінде қаралды және бекітілді, № 1 Хаттама

Басқарма төрағасы **Д. Кожамжарова**

9 нұсқа, № \_\_\_\_\_ көшірме

Енгізілу мерзімі «30» 12 2021ж.

